



ТҮРДӘЖ- ҚАЗАЛЫ



№38
(2416)
Сенбі
30 мамыр
2026 жыл
Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ЖАНҚОЖА БАТЫР АУЫЛЫНДА ӨРТ СӨНДІРУ БЕКЕТІ САЛЫНУДА

Елімізде Төтенше жағдайлар министрлігінің бастамасымен ауылдық елді мекендерде ерікті өрт сөндіру жүйесін нығайту мақсатындағы «Ауыл құтқарушысы» бағдарламасы қолға алынған болатын.

Өткен жылдың желтоқсан айында бағдарлама аясында «Ақсуат» аулында жаңа өрт сөндіру бекеті пайдалануға берілді. Бүгінде Жанқожа батыр аулында демеушілік есебінен өрт сөндіру бекетінің құрылысы жүргізілуде.

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов Қызылорда облысына жұмыс сапарымен келген ҚР ТЖМ Төтенше жағдайлар



комитеті төрағасының орынбасары Руслан Қайрақбаевпен бірге Жанқожа батыр аулына барып, өрт сөндіру

бекетінің құрылысымен танысты. Аталмыш нысан маусым айында ауыл халқының игілігіне

пайдалануға беріlmek. Аудан басшысы ауыл әкіміне өрт сөндіру бекетінің аумағын абаттандыру жұмыстарына

қатысты бірқатар тапсырмалар беріп, аудандық төтенше жағдайлар бөлімімен бірлесе жұмыс атқаруды тапсырды.

Руслан Сламбекұлы «Ауыл құтқарушысы» бағдарламасының басты мақсаты ауыл тұрғындарының өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету екендігін айтып, төтенше жағдай кезінде уақытылы ден қоюдың маңыздылығын атап өтті.

Фимарат құрылысымен танысудан кейін Алмасбек Әбілқасымұлы мен Руслан Сламбекұлы өрт сөндіру бекетінің ауласына ағаш көшеттерін отырғызды.

МӘЖІЛІСТЕ КАДРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың төрағалығымен өткен аппарат мәжілісінде кадрлық өзгерістер таныстырылды.

Қазалы ауданы әкімдігі жанындағы конкурстық комиссиясының қортындысы негізінде бұған дейін Қазалы ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру және инспекторлық жұмысы бөлімінің басшысы қызметін атқарып келген Дидаров Абай Әнесұлы Қазалы ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы болып тағайындалды.

Абай Әнесұлы жоғары білімді, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін «Саясаттану» және ҚР Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясын «Бизнес және басқару» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2008 жылы Ақтөбе мұнай газ колледжінің жастар ісі жөніндегі жетекшісі болып бастаған. 2008-2010 жылдары «Кіші Абай» шаруа қожалығының жетекшісі, аудандық «Қазалы» газетінің



операторы, 2010-2024 жылдары Әйтеке би кенті әкімі аппаратының жетекші маманы, Қазалы ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру және инспекторлық жұмысы бөлімінің бас инспекторы, Қазалы ауданы әкімі аппаратының персоналды басқару бөлімінің басшысы лауазымын атқарып келді.

2024 жылдан бастап осы уақытқа дейін Қазалы ауданы әкімі аппаратының және инспекторлық жұмысы бөлімінің басшысы лауазымын атқарып келді.

Мемлекеттік әкімшілік қызметке конкурс тәртібі арқылы Айымқұлов Жеңісбек Советұлы Қазалы ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру және инспекторлық жұмысы бөлімінің басшысы болып тағайындалды.

Жеңісбек Советұлы жоғары білімді, Қызылорда қаласындағы «Болашақ» университетін бітірген. Еңбек жолын 2009 жылы аудандық «Қазалы» газетінде корректор болып бастаған. 2013-2019 жыл-

дары аудандық «Қазалы» газетінде әдеби қызметкер, аға әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, 2019-2023 жылдары Қазалы ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру және инспекторлық жұмысы бөлімінің бас маманы, бас инспекторы, аудандық қоғамдық даму бөлімінің бас маманы лауазымын атқарып келді.

2023 жылдың 5 қыркүйегінен бастап Қазалы ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру және инспекторлық жұмыс бөлімінің бас инспекторы қызметін атқарды.

Аудан әкімі жаңадан тағайындалған бөлім басшыларының қызметтеріне табыс тілеп, жүктелген міндеттерді нәтижелі атқару бағытында нақты тапсырмалар берді.

Мәжілістен кейін аудан басшысы аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне арнайы барып, бөлімнің жаңа басшысы Абай Дидаровты ұжымға таныстырды.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМАҒА ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР ТҮСІНДІРІЛДІ

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамаға енгізілген өзгерістер, әдеп кодексінің талаптарын сақтау, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, мемлекеттік қызметшілердің кәсіби әдеби мен қоғам алдындағы жауапкершілігі мәселелеріне арналған семинар-кеңес өтті.

Семинар кеңеске Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары, әдеп жөніндегі кеңес хатшылығының меңгерушісі Мейрамкүл Бибітова, адам құқықтары жөніндегі уәкілдің облыс бойынша өкілі Берікбол Байхожаев, облыс әкімі аппаратының әдеп жөніндегі уәкілі Бағдат Әбдіқадыр, сондай-ақ, кент, ауылдық округ әкімдері, дербес бөлімдер, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары, қызметкерлері қатысты.

Мәжілісте аудан әкімі Алмасбек Есмаханов мемлекеттік қызметтің сапасын арттыруда заңдылықты сақтау мен әдеп қағидаттарының маңыздылығын атап өтті.

–Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2026

бұлжытпай орындауы тиіс, – деді аудан әкімі Алмасбек Әбілқасымұлы.

Жиында Мемлекет басшысы қол қойған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңның жаңа редакциясындағы негізгі бағыттар түсіндіріліп, мемлекеттік қызметтің сервистік моделін қалыптастыру, кадрлықүдерістерді цифрландыру және мемлекеттік аппараттың кәсібилігін арттыру мәселелері кеңінен талқыланды.

Баяндамашылар мемлекеттік қызметшілер арасында қолданыстағы заңнама талаптарын сақтау, құқық бұзушылықтардың алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу, қызметтік тәртіпті күшейту, сондай-ақ, қоғам тарапынан мемлекеттік аппаратқа деген сенімді арттыру мәселелері бойынша кеңінен мағлұмат берді. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы әдеп кодексіндегі мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлқына, қызметтік қарым-қатынасына және қоғаммен байланысына қойылатын негізгі талаптар түсіндірілді. Мемлекеттік қызмет өткеру кезінде заң талаптарын қатаң сақтау, қызметтік



жылғы 19 мамырда Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызметі туралы» заңына қол қойды. Заң Қазақстан Республикасының 2024-2029 жылдарға арналған мемлекеттік қызметті дамыту тұжырымдамасын іске асыру аясында әзірленіп, мемлекеттік қызмет моделін одан әрі жаңғыртуға бағытталған. Жаңа редакциядағы Заңның негізгі бағыттарының бірі – мемлекеттік қызметтің миссиясын бекіту, азаматтармен өзара іс-қимылдың сервистік моделіне көшу, сондай-ақ, мемлекеттік аппараттың кәсібилігін арттыру және кадрлық процестерді цифрландыру.

Мемлекеттік қызметші – халық пен билік арасындағы негізгі байланыстырушы буын. Сондықтан әрбір қызметкер өзіне жүктелген міндетті жоғары жауапкершілікпен атқарып, заң талаптарын

өкілеттіктерді жеке мақсатта пайдалануға жол бермеу, азаматтармен және әріптестерімен қарым-қатынаста әдептілік пен ашықтық қағидаттарын ұстану мәселелері де жан-жақты қамтылды.

Семинар – кеңестен соң мемлекеттік қызметшілерден сауалнама алынып, азаматтармен жеке қабылдау өткізілді.

Айта кетейік, аудан әкімдігінен кейін Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамаларының және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі нормаларының сақталуы мәселелеріне қатысты «Сарыкөл» ауылдық округінде де кездесу мен жеке қабылдау өткізілді.

**Қазалы ауданы әкімінің
баспасөз қызметі**

ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ АЯҚТАЛУЫ ЖӘНЕ БАЛАЛАРДЫҢ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ



Облыс әкімі Мұрат Ергешбаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте оқу жылының аяқталуы және балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру мәселелері қаралды. Аймақ басшысының мәжілісте берген тапсырмаларына сәйкес аудан әкімі Алмасбек Есмаханов арнайы аппарат мәжілісін өткізіп, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тиісті сала басшыларына бірқатар нақты тапсырмалар жүктеді.

Биыл Қазалы ауданындағы 37 мектепті 2025-2026 оқу жылында 16701 оқушы аяқтады. Ал, 11 сыныпты 1015 оқушы бітіргелі отыр. Оның 943-і Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысып, 116 оқушы Үздік аттестатқа, 99 оқушы Алтын белгіге үміткер. Ал, биыл ауданда 14975 оқушыны яғни, оқушылардың 95,2 пайызын жазғы демалыс шараларымен қамту жоспарланып отыр.

Мәжілісте аудан әкімі аудандық білім бөлімінің басшысына оқу жылының аяқталуына байланысты аттестат табыстау рәсімдерін және Ұлттық бірыңғай тестілеуді жоғары деңгейде ұйымдастыруды тапсырды. Мектеп бітіру шараларында ысырапшылдық пен даңғазалыққа жол бермеу, ата-аналардан қаражат жинаудың алдын алу, аниматорлар мен мерекелік агенттіктерді тартпау, мектеп әкімшілігі мен мұғалімдерге сыйлық беруге тыйым салу қажеттігін қатаң ескертті. Аудандық полиция бөлімі мен бірлесе отырып, оқушылардың кортеж ұйымдастыруына, жалға алынған көліктермен экскурсияларға шығуына жол бермеуде тиісті шаралар қабылдауды міндеттеді.

Аудан басшысы балалардың жазғы демалысын қауіпсіз әрі мазмұнды ұйымдастыру мәселесіне де ерекше

тоқталды. Осыған байланысты «Шағала» балаларды сауықтыру демалыс орталығы мен мектеп жанындағы лагерьлердің жаңа маусымға толық дайын болуы, балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, мәдени-көпшілік және спорттық іс-шараларды көбейту, жазғы лагерьлердегі азық-түлік сапасы мен санитарлық талаптардың сақталуын күшейту, балаларды тасымалдау кезінде жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету және суға шомылу маусымында қауіпсіздік шараларын күшейту үшін тиісті сала басшыларына бірлесе жұмыс атқаруды тапсырды.

Мәжілісте күн тәртібіндегі мәселелерден бөлек көктемгі мерзімді әскерге шақыру науқанының барысы да қаралды. Аудан әкімі жоспар көрсеткіштері төмен ауылдық округ әкімдерінің есептерін тыңдап, шақыру жұмыстарын жандандыру керектігін айтты. Сонымен қатар, жауапты мекемелерге әскерге шақыру жоспарының толық орындалуын қамтамасыз ету, әскери қызметтен жалтарып жүрген азаматтарға қатысты заң аясында тиісті шаралар қабылдау жөнінде нақты міндеттер жүктеді.

Сондай-ақ, мәжілісте «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясындағы санитарлық тазалық және көркейту, көгалдандыру жұмыстарының жай-күйі де талқыланды. Мониторинг барысында анықталған кемшіліктер сараланып, аудан әкімі қала, кент және ауылдық округ әкімдеріне елді мекендердің тазалығын қамтамасыз ету, бей-берекет қоқыс орындарын жою, абаттандыру жұмыстарын күшейту және нәтижесін тұрақты түрде бақылауда ұстау жөнінде тапсырмалар берді.

**Қазалы
ауданы әкімінің
баспасөз қызметі**

ЕКІ СПОРТ КЕШЕНІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ АЯҚТАЛУҒА ЖАҚЫН

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов тиісті сала басшыларымен бірге Әйтеке би кенті мен Қожабақы аулындағы салынып жатқан спорт кешендерінің құрылыс жұмыстарын аралап көрді.

Алдымен аудан басшысы аудан орталығындағы Қазалы мәдени-демалыс кешені аумағында бой көтеріп жатқан спорт кешенінің құрылысымен танысты. Жалпы құны 643 млн теңгені құрайтын нысанның құрылысын «Болашақ» ЖШС мердігер мекемесі жүргізуде. Қазіргі таңда нысанда ішкі сылақ жұмыстары, кафель жапсыру, жылу батареяларын орнату, сыртқы абаттандыру жұмыстары атқарылуда.

Мұнан соң аудан әкімі Қожабақы аулындағы спорт



кешенінің құрылыс алаңына барды. Жоба құны 537,1 млн теңгені құрайтын нысан «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында жүзеге асырылуда. Қазіргі таңда ғимараттың

сыртқы құрылыс жұмыстары толық аяқталып, ішкі әрлеу, сырлау, сәндеу жұмыстары жүргізілуде. Инженерлік желілер толық тартылып, нысанды пайдалануға беру

бағытындағы жұмыстар жоспарлы түрде жалғасуда. Құрылыс жұмыстарын «Намыс-Құрылыс» ЖШС атқаруда.

Аудан басшысы мердігер мекеме өкілдеріне спорт кешендерінің құрылыс сапасына ерекше мән беріп, анықталған кемшіліктерді шұғыл түрде қалпына келтіруді тапсырды. Сондай-ақ, жұмыстарды сапалы әрі уақытылы аяқтап, нысандарды маусым айының алғашқы онкүндігіне дейін толық дайын ету қажеттігін ескертті.

Сонымен қатар, жауапты сала басшылары мен аудан әкімінің орынбасарына құрылыс барысын күнделікті бақылауда ұстап, спорт нысандарын ауыл тұрғындарының игілігіне сапалы түрде пайдалануға беру басты міндет екенін жеткізді.

ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНДА ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮЙЕЛІ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында Қазалы ауданында санитарлық тазалық пен абаттандыру жұмыстары күнделікті жүйелі түрде жалғасуда.

Тазалық жұмыстарына мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарының қызметкерлері, коммуналдық сала мамандары мен тұрғындар белсенді қатысып, туған өлкенің тазалығы мен көркеюіне өз үлестерін қосуда.



Тазалық жұмыстары аудан орталығында мәдени-демалыс кешені, Рәміздер алаңы, Жанқожа батыр кесенесі, Теміржол вокзалы аумағы және Әйтеке би кентіндегі О.Жанәділов, В.Счастнов, Р.Бағланова, Желтоқсан көшелерінде жүргізілді. Атап айтқанда, көше бойындағы аяқсу арықтары тазартылып, ретсіз өскен шөптер шабылды. Сонымен қатар, электр бағаналары, қоршаулар мен ағаштар әктеліп, жол жиектеріндегі бордюрлер сырланды. Қоғамдық орындар мен көшелер қоқыстан тазартылып, аумақтарды абаттандыру жұмыстары қарқынды түрде атқарылды.

Сондай-ақ, «Таза Қазақстан» акциясы аясындағы тазалық шаралары ауылдық округтерде де ұйымдастырылып, елді мекендердің көшелері, әлеуметтік нысандардың маңы мен қоғамдық орындар ретке келтірілді.

Тазалық – мәдениеттің айнасы, ал таза әрі көрікті орта – тұрғындардың жайлы өмір сүруінің кепілі. Осыған орай аудан тұрғындарын қоршаған ортаны таза ұстауға, қоғамдық орындардың тазалығына жауапкершілікпен қарап, экологиялық акцияларға белсенді қатысуға шақырамыз.

Туған жердің тазалығы – әрқайсымыздың ортақ жауапкершілігіміз!

Қазалы ауданы әкімінің
баспасөз қызметі

БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ МАҚСАТЫМЫЗ

Бала — ел болашағы, ұлттың ертеңі. Сондықтан әрбір ата-ана мен қоғам мүшесінің басты міндеті балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Қазіргі таңда тұрмыстық жағдайлар, жол қозғалысы, су айдындары, интернет кеңістігі және өрт қауіпсіздігі сияқты түрлі қауіп-қатерлер балалар өміріне қауіп төндіруде. Осындай жағдайлардың алдын алу үшін қауіпсіздік ережелерін сақтау аса маңызды. Балалардың қауіпсіздігі ең алдымен отбасынан басталады. Үй ішінде электр құралдарын дұрыс пайдалану, өткір заттарды балалардың қолы жетпейтін жерге қою, терезелерге арнайы қорғаныш орнату қайғылы жағдайлардың алдын алады. Әсіресе, кішкентай балаларды қараусыз қалдырмау қажет. Жаз мезгілінде судағы қауіпсіздік мәселесіне ерекше назар аудару керек. Балалар тек арнайы рұқсат етілген орындарда және үлкендердің бақылауымен ғана суға түсуі тиіс. Белгіленбеген жерлерде шомылу адам өміріне өте қауіпті. Сонымен қатар, жолдағы

қауіпсіздік те маңызды. Балаларға жолдан өту ережелерін үйретіп, бағдарлам белгілерін түсіндіру қажет. Велосипед пен самокат тепкен кезде қорғаныш құралдарын пайдалану да қауіпсіздіктің маңызды бөлігі болып табылады. Бүгінде интернет қауіпсіздігі де өзекті мәселеге айналды. Балаларға бейтаныс адамдармен сөйлеспей, жеке мәліметтерді жарияламау және зиянды ақпараттардан сақ болу туралы түсіндіру қажет. Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауда балалар өмірін қорғауға көмектеседі. Сірәңке мен оттықты балалардың қолына бермеу, газ және электр құрылғыларын қараусыз қалдырмау әр отбасының міндеті. Қауіпсіздік бұл тек ереже емес, ол адам өмірін сақтайтын маңызды қағида. Балалардың амандығы мен жарқын болашағы үшін әрбір азамат қауіпсіздік талаптарын сақтауға жауапкершілікпен қарауы қажет. Бала қауіпсіздігі — баршамыздың ортақ міндетіміз!

Қазалы ауданы Төтенше
жағдайлар бөлімі

БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ НАЗАРДА!

<p>1. ӨЗІНДІ ҚОРҒА</p> <p>ЖОҚ!</p> <p>Таныс емес адамдармен сөйлеспе! Ешқайда олармен бірге жүрме!</p>	<p>2. ҮЙ ҚАУІПСІЗДІГІ</p> <p>Электр құралдарына қол жеткізбе! Отпен ойнама!</p>	<p>3. ЖОЛДА ҚАУІПСІЗ БОЛ</p> <p>Жолдан тек жаяу өткелмен өт! Бағдаршамның түсіне мән бер!</p>	<p>4. СУ ҚАУІПСІЗДІГІ</p> <p>Рұқсат етілмеген жерде шомылма! Үлкендердің қадағалауында бол!</p>
<p>5. ИНТЕРНЕТ ҚАУІПСІЗДІГІ</p> <p>Жеке ақпаратыңды таратпа! Таныс емес адамдармен хаттеспе!</p>	<p>6. ЖЕКЕ АҚПАРАТ</p> <p>Мекен-жайыңды, телефоныңды, мектебіңді ешкімге айтпа!</p>	<p>7. ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙДА</p> <p>Қауіп төнгенде 112-ге қоңырау ша! Ата-анана немесе үлкендерге ай!</p>	<p>8. ДЕНСАУЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ</p> <p>Қолыңды жиі жу! Таза бол! Дұрыс тамақтан!</p>

★ **ҚАУІПСІЗ БАЛА – БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН ЕЛ!**

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС-ОРТАҚ ІС

Мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі-сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес.

Заңда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл ұғымы берілген-бұл сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау қызметі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары олар- заңдылық, адаммен азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды



Жемқорлық

мүдделерін қорғау басымдығы, жариялылық пен ашықтық, мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимыл жасауы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды қорғау және көтермелеу,

сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жазаның бұлтартпастығы қағидаттары негізінде жүзеге асырылады.

Сыбайлас жемқорлықтың барлық көріністерін жою біздің

еліміздің дамуындағы маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық тек құқық бұзушылық емес. Бұл мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді төмендетеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі мақсаты қоғамдағы сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады.

Сыбайлас жемқорлықты тек құқық қорғау органдарының күшімен жеңу мүмкін емес.

Бұл — бүкіл қоғам болып күресетін ортақ іс. Әрбір азаматтың адалдығы мен белсенділігі ел мүддесі үшін қосқан зор үлес деп білуіміз керек.

Әділхан ӘБИЛОВ,
«Құмжиек» ауылдық округінің әкімі

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ТАҒЫЛЫМДАМАСЫ – КӘСІБИ ДАМУДЫҢ ТИІМДІ ТЕТІГІ

Мемлекеттік қызмет жүйесінде кадрлардың кәсіби біліктілігін арттыру, тәжірибе алмасу және тиімді басқару дағдыларын қалыптастыру маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Осы мақсатта мемлекеттік қызметшілердің тағылымдамадан өтуі жүйелі түрде ұйымдастырылып келеді.

Тағылымдама – қызметшілердің өз саласы бойынша жаңа тәжірибе жинақтап, кәсіби білімін жетілдіруге мүмкіндік беретін маңызды құрал.

Тағылымдама мемлекеттік қызметшінің тұрақты жұмыс орнынан тыс жерде тәжірибе жинауына бағытталған. Бұл кезеңде қызметшінің мемлекеттік лауазымы мен жалақысы толық сақталады. Алайда мемлекеттік қызмет өтілі алты айдан кем қызметкерлер тағылымдамаға жіберілмейді.

Қызметшілер тағылымдамадан әртүрлі бағытта өте алады. Атап айтқанда, бір мемлекеттік органнан екінші мемлекеттік органға, мемлекеттік органнан ұйымдарға, сондай-ақ, бір органның орталық аппараты мен аумақтық бөлімшелеріне жіберіледі. Мұндай тәжірибе мемлекеттік қызметшілердің жұмыс тәсілдерін жетілдіріп, жаңа ортада тәжірибе алмасуына ықпал етеді.

Тағылымдаманы ұйымдастыру бірнеше

кезеңнен тұрады. Алдымен жолдаушы мемлекеттік орган арнайы тағылымдама жоспарын әзірлейді. Онда тағылымдаманың мақсаты, мерзімі, өтетін орны және қызметкер туралы мәліметтер көрсетіледі. Кейін бұл жоспар қабылдаушы мемлекеттік органмен немесе ұйыммен келісіледі. Қабылдаушы тарап тағылымдаманы өткізу мүмкіндігін қарастырып, тиісті шешім қабылдайды.

Тағылымдама мерзімі бес жұмыс күнінен бір айға дейін белгіленеді. Сонымен қатар бір қызметші күнтізбелік жыл ішінде екі реттен артық тағылымдамадан өте алмайды. Бұл талап тағылымдаманың тиімді ұйымдастырылуына және жұмыс процесінің тұрақтылығына негізделген.

Тағылымдама барысында қабылдаушы құрылымдық бөлімшенің жетекшісі қызметкерге кеңес беріп, жоспардың орындалуын және еңбек тәртібін бақылайды. Ал, персоналды басқару қызметі ұйымдастыру және үйлестіру жұмыстарын жүзеге асырады.

Тағылымдама аяқталғаннан кейін қызметші бес жұмыс күні ішінде жазбаша есеп тапсырады. Есепте тағылымдама барысында алынған тәжірибе, кәсіби дағдылар, теориялық және практикалық білімдер туралы мәліметтер қамтылады. Сонымен қатар, қабылдаушы тараптың

жұмысына баға беріледі. Өз кезегінде қабылдаушы бөлімше басшысы тағылымдамадан өткен қызметші туралы пікір ұсынып, жолдаушы органға жолдайды.

Статистикалық мәлімет бойынша 2025 жылы 128 мемлекеттік қызметшінің тағылымдамасы ұйымдастырылды. Оның ішінде мемлекеттік қызметшілердің 104-і басқа мемлекеттік органда, 24-і функционалдық бағытына сәйкес келетін ұйымдарда тағылымдамадан өтті.

2026 жылдың соңына дейін 93 мемлекеттік қызметшінің тағылымдамасын ұйымдастыру жоспарланып отыр.

Мемлекеттік қызметшілердің тағылымдамасы – басқару сапасын арттыруға, тәжірибе алмасуға және кәсіби құзыреттілікті дамытуға бағытталған маңызды механизм. Мұндай тәжірибе мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттырып, халыққа көрсетілетін қызмет сапасын жақсартуға оң ықпал етеді.

Мақпал АБТИКЕРОВА,
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің
Қызылорда облысы бойынша
департаментінің
мемлекеттік қызмет басқармасының бас маманы

●Хабарландыру

2026 жылғы 2 маусым күні сағат 16:30-да аудандық мәслихаттың кезектен тыс 58 сессиясы шақырылады. Сессияның күн тәртібінде «2026-2028 жылдарға арналған аудандық маңызы бар қала, кент, ауылдық округ бюджеттері туралы» Қазалы аудандық мәслихатының 2025 жылғы 23 желтоқсандағы 49 сессиясының шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы мәселе қаралады.

Сонымен қатар, сағат 15:30-да аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өткізіледі.

Қазалы аудандық мәслихатының аппараты

●Көңіл айту

Қазалы ауданының әкімдігі, аудандық және ауданнан сайланған облыстық мәслихаттың депутаттары, аудандық қоғамдық кеңес және ардагерлер кеңесі Қазақстан Республикасы дене тәрбиесі мен спортының Құрметті қызметкері, білім саласының ардагері, ардақты азамат

ЛЕПЕСОВ САХИ ЖАЛМАҒАНБЕТҰЛЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады. Марқұмның топырағы торқа, жаны жәннатта болсын!

Меншік иесі: «ТҮРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
күәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, факс 8 (724-38)2-17-49.
Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@bk.ru

Таралымы 11507 дана.